

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалары бар отбасыларына материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 14 тамыздағы № 212 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданы Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 қыркүйекте № 9-12-82 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 372 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012.07.05 № 372 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 29 бабының 7 тармағына, Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 128 "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар рәсімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету Стандартын бекіту туралы" қаулысына, Қарабалық аудандық мәслихатының 2008 жылғы 18 шілдедегі № 90 "Қарабалық аудандық мәслихатының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 24 "2008 жылға арналған Қарабалық ауданының аудандық бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы" шешіміне сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамсыздандыру" бюджеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында үйде тәрбиеленетін және мүгедек балалары бар отбасыларына тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген алты еселеген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек белгіленсін (әрі қарай-материалдық көмек).

2. Материалдық көмекті төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің лицензиясы бар ұйымдар арқылы алушының дербес шотына ақша қаражатты аудару жолымен уәкілетті органның тізімі бойынша жүргізіледі.

3. Әлеуметтік көмектің қаржыландыру "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамсыздандыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша іске асырылсын.

4. Қарабалық ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 1 ақпандағы № 54 "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету туралы", 2007 жылғы 21 ақпандағы мемлекеттік тіркеу нөмірі № 9 -12-34, ақпараттық бюллетенінде 2007 жылдың 15 наурызында № 4 жарияланған қаулының күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Исенбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қ а р а б а л ы қ

ауданының әкімі

Ф. Филиппов